

"Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 09 желтоқсандағы N 34/425-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 қаңтарда N 4337 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінің 487-бабының 38-бабының, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 5-тармағына, "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 қосымшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 5675) сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 2523, 2010 жылғы 1 ақпандағы № 16 "Дидар", 2010 жылғы 2 ақпандағы № 16 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы*

В. Кошелев

В. Головатюк

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 34/425-V шешіміне
қосымша

Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары,* теңге
1	2	3	4
Ертіс өзені бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	86,8
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге /1000 тек.м	249,5
3	Ауыл шаруашылығы	теңге /1000 тек.м	70,3
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге /1000 тек.м	70,3
5	Су энергетикасы	теңге /1000 кВт.сағ.	26,1
6	Су көлігі	теңге /1000 т. км	9,6
Балқаш және Алакөл өзен мен көлдері бассейні			
7	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	79,9
8	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге /1000 тек.м	220,5
9	Ауыл шаруашылығы	теңге /1000 тек.м	63,4
10	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге /1000 тек.м	60,6
11	Су энергетикасы	теңге /1000 кВт.сағ.	23,4
12	Су көлігі	теңге /1000 т. км	6,8